

СЕГОДНЯ МЫ ОБЪЕДИНЯЕМ БОЛЕЕ 100 ТЫСЯЧ РАБОТНИКОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО, АВТОМОБИЛЬНОГО, ВОЗДУШНОГО И ВОДНОГО ТРАНСПОРТА. ЭТО ОДНА ИЗ САМЫХ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ОТРАСЛЕЙ ЭКОНОМИКИ, И ПРОФСОЮЗ ЗДЕСЬ – РЕАЛЬНАЯ СИЛА. НАШИ ОТНОШЕНИЯ С ҚТЖ И ЕГО ДОЧЕРНИМИ КОМПАНИЯМИ СТРОЯТСЯ НА ПРИНЦИПАХ РАВНОПРАВНОГО ПАРТНЕРСТВА.

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель ОО «Казпрофтранс»



№73 (3112)
09/09/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



ТРАНЗИТ ҮШІН БӘСЕКЕ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп аталатын биылғы кезекті Жолдауында көлік-логистика және транзиттің еліміз үшін маңызын ерекше атап өтті.

«Көлік-логистиканы одан әрі дамыту керек. Еліміз Еуропа мен Азияның арасын жалғап тұрған аса маңызды көпір болып саналатыны кеңінен белгілі. Былтыр біздің аумағымыз арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асты. Сонымен бірге еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар. «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы Қазақстан үшін Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытудың маңызы арта бастағанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағыттардың бәрі біртұтас жүйе сияқты жұмыс істеп, елімізге едәуір табыс

әкелуі керек. Сондай-ақ инфрақұрылымды жақсартуға жаңа инвестиция тарту қажет, ол сапалы жұмыс орындарын ашуға ықпал етуге тиіс. Осы орайда цифрлық тәсілдерді ауқымды түрде қолданған абзал.

Президент өңірлердің көлік байланысына қатысты мәселемен мықтап айналысу керектігін ескертті. Ірі транзиттік аймақ саналатын Қазақстан үшін бұл бағыт айрықша маңызды.

«Біз таяуда Вьетнамға Қытайдың Ляньюнь-ган порты арқылы бидайдың алғашқы легін жөнелттік. Ауғанстанда Пәкістан нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Тургунди – Герат» темір жолын салу жоспарда бар. Алайда, жаңа көлік бағыттарына және жаңа нарықтарға жол ашатын мүмкіндіктер мұнымен шектелмейді. Алда атқарар шаруа көп. Жалпы, әлемде транзит үшін бәсеке күшейіп бара жатыр. Басқа да арзан балама бағыттар мен жолдар

ұсынылуда. Транзиттік тасымалдың көлемін арттырамыз десек, біз алдын ала әрекет етіп, әрдайым бір қадам алда болуымыз керек. Ол үшін инфрақұрылымды жаңғырту ісін одан әрі жалғастырып, осы саладағы озық ел болу үшін цифрландыру мен жасанды интеллектті кең ауқымда пайдаланған жөн», – деді Қ.Тоқаев.

Биыл ұзындығы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі іске қосылады. Жоба өте қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылды.

«Бұл жол «Шығыс – Батыс» бағытының жүк өткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Бірақ мұнымен тоқтап қалмай, үкімет «Бақты – Аягөз», «Қызылжар – Мойынты» жобаларын уақытылы жүзеге асыруы тиіс. Себебі аталған жобалар еліміздегі теміржол жүйесінің толық қаңқасын қалыптастырады», – деді Президент.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КӨШПЕЛІ КОМИССИЯ ТЕКСЕРДІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ вокзалдық инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту бағдарламасын іске асыруда. Осы бағдарлама шеңберінде бір мезгілде еліміздің 125 вокзалында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша көшпелі комиссиялар құрылып, 25 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында объектілердің алдағы жылу маусымына дайындығына кешенді тексеру жүргізілді. Уақытша ғимараттардың жай-күйі және олардың алаңы мен жабдықталуы бойынша талаптарға сәйкестігі, жылыту, жарықтандыру жүйелерінің және ақпараттық сервистердің жұмыс істеуі тексерілді.

Қауіпсіздік шараларына, жолаушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кассирлердің, анықтамалық қызметтердің және вокзал бойынша кезекшілердің жұмыс орындарын ұйымдастыруға ерекше назар аударылды. Комиссиялар объектілердің жай-күйін тіркеп қана қоймай, мердігер ұйымдар мен жауапты қызметтерге тапсырмалар бере отырып, анықталған кемшіліктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдады. Тексеру нәтижелері жергілікті атқарушы органдар мен мердігер компанияларға жеткізілді, олар уақытша үй-жайлардың жылу беру маусымына уақытылы дайындығын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Жасалған шарттар шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу сапасы мен мерзімдері үшін жауапкершілік жергілікті атқарушы органдар ұсынған мердігерлік ұйымдарға жүктелген. Вокзалдарда және жолаушы пойыздарында бір мезгілде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған жөндеу жұмыстарының барысы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Комиссиялар тексеруге енді 15-20 қыркүйек аралығында қайта шықпақ.

Нұрбек БЕКЕН

ПОЕЗДА ПОД ПРИСМОТРОМ



Более 90% вещей, оставленных в поезде на национальном перевозчика, успешно возвращаются владельцам благодаря камерам видеонаблюдения в пассажирских составах.

Об этом на Международном пассажирском форуме в Санкт-Петербурге сообщил заместитель генерального директора АО «Пассажирские перевозки» Айбат Кангалиев.

До конца 2025 года все поезда Казахстана, курсирующие по 112 маршрутам, оснастят системами видеонаблюдения и видеоналитики. В настоящее время в составах национального перевозчика уже установлено четыре тысячи камер. Видеоархивы обрабатываются в ситуационном центре, где специалисты могут оперативно отслеживать обстановку и анализировать потенциальные угрозы.

– Внедрение видеонаблюдения уже привело к снижению уровня правонарушений в поездах на 21% по сравнению с прошлым годом. Кроме того, стало на 32% меньше жалоб со стороны пассажиров. А 91% забытых в поезде вещей успешно возвращаются владельцам, – проинформировал Айбат Кангалиев.

Так, в этом месяце жительница Астаны Виктория обратилась в редакцию со словами благодарности в адрес работников «Пассажирских перевозок» и дежурной по вокзалу на станции Акколь Гульдана Байтурсыновой, которые за короткое время вернули пассажирке оставленный в вагоне ноутбук.

– Я забыла ноутбук на верхней полке в электропоезде 6829АЦ, когда мы вышли на станции Акколь. Обратилась в справочную ҚТЖ по номеру 1414, где мне подсказали телефон оперативного реагирования. В скором времени утерянную вещь вернули на станцию, где я вышла, в целости и сохранности, – рассказала пассажирка.

Любовь РОББА

Мәселе

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2023-2029 жылдар аралығында 11 мың шақырым теміржол учаскесін жөндеу көзделіп отыр. Соның 1480 шақырым жолына биыл жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы заманауи және ресурстарды үнемдейтін технологияларға, жоғары өнімділікке не жабдықтар мен конструкциялардың, атап айтқанда желім болты және теңестіру түйіспелері, түйіспелерді алюминий термитті дәнекерлеу, айқастырмаларды балқыту сияқты тағы басқа жаңа түрлеріне көшуге басымдық беріп отыр. Дирекция мамандары алға қойып отырған негізгі міндеттер қатарында халық көп тұратын аудандарда жол бойына қоршау орната отырып, адамдардың пойызға басылып қалуы оқиғаларын мейлінше төмендету екенін айтады. Осы мақсатта Манкент – Қызылсай, Игілік – Қорғасын, Орал – Жилаево, Алматы-1 – Алматы-2



телімдерін қоршау көзделген. Бүгінде жалпы ұзындығы 200 шақырымнан асатын үш жол аралығы мен 26 станция қоршалған. Болат жолдың бабын тауып, күтімін жасау да дирекцияның жол шаруашылығы мамандарына

жүктелген жауапты міндет. Міне, осы міндетті тиісті мекемелер өз үдесінде орындап келеді. Оған биылғы жылдың бірінші жартыжылдығындағы жол жағдайы жоспарының 107% орындалып, «жақсы» деп бағалануы дәлел. Осы ретте бірінші кезекте жөндеу жұмыстары жол жөнделімін қажет ететін жүк жүктемесі жоғары телімдерде жүргізіліп жатса, екіншіден, рельстердің тозуы жоғарылаған жолдың қисық учаскелерінде атқарылууда. Мамандардың айтуынша, жолды уақытылы жоспарлау және күтіп ұстау шаралары пойыздардың қауіпсіз қозғалысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ нысандарды жаңғырту және салу бойынша ұлттық жоспар аясында ірі жобаларды іске асырып, трансқазақстандық теміржол дәлізін дамытуға субелі үлес қосуда.

Жалғасы 2-бетте

РЕЛЬСЫ ТРЕБУЮТ ОСТОРОЖНОСТИ

Железная дорога – зона повышенной опасности, и любая ошибка может стоить жизни. Поэтому АО «НК «ҚТЖ» рассматривает безопасность движения не как разовую кампанию, а как системную и ежедневную работу.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

За восемь месяцев 2025 года компания провела масштабную профилактическую кампанию по всей стране, сделав акцент на просвещение и совместные действия с местными органами власти и правоохранительными структурами. За этот период прошло 122 заседания координационных советов с участием прокуратуры, полиции, органов транспортного контроля и представителей СМИ, где обсуждались совместные шаги по предотвращению выхода посторонних на пути. Параллельно организовано более двух тысяч встреч с жителями поселков и городов, расположенных рядом с железнодорожной инфра-

структурой, в результате чего охвачено свыше 21 тысячи человек. В школах тема безопасности стала частью воспитательной работы: в 1 041 учебном заведении прошли специальные беседы, в которых приняли участие почти 29 тысяч школьников.

Информационная кампания не ограничилась классными часами. Руководители и специалисты компании более 400 раз выступали на телевидении и радио регионального уровня, напоминая о рисках и призывая к осторожности о рельсов. Совместно с полицией проведено более двух тысяч рейдов в местах массового несанкционированного перехода через пути, где с нарушениями проводились разъяснительные беседы. Для дополнительной наглядности об-

новлено почти 700 предупреждающих знаков в местах повышенного риска.

Каждая из этих мер – это не сухая статистика, а реальная работа, направленная на то, чтобы предотвратить трагедии. Сегодня безопасность на железной дороге становится частью культуры общества. Дети понимают, что рельсы – не место для игр, взрослые – что привычка сокращать путь через полотно может обернуться бедой.

Опыт ҚТЖ показывает: безопасность на стальной магистрали возможна только тогда, когда в нее вовлечены все – сама компания, государственные органы, полиция и граждане. Это коллективная ответственность, которая в конечном итоге позволяет сохранить самое ценное – здоровье и жизни людей.



2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 993 ВАГОНДЫ ЖАҢАРТУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫРМЫЗ. ВАГОНДАРДЫҢ БІР БӨЛІГІ ҚАЗАҚСТАНДА ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ STADLER КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛАДЫ. ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АСТАНА – АЛМАТЫ ЖӘНЕ АСТАНА – СЕМЕЙ УЧАСКЕЛЕРІНДЕ ЖҮРЕТІН 51 ВАГОН НЕМЕСЕ ҮШ ҚҰРАМ ЖЕТКІЗІЛЕДІ. КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫҢ АҚПАН-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫ АРАЛЫҒЫНДА ТАҒЫ 91 ВАГОНДЫ ЖЕТКІЗУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.



ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ

20 тысяч

БИЛЕТОВ ПАССАЖИРЫ ОФОРМИЛИ ЧЕРЕЗ УСЛУГУ «ПОЕЗД+ПОЕЗД» С МОМЕНТА ЗАПУСКА УСЛУГИ.

20 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ ЗА ЯНВАРЬ – ИЮЛЬ 2025 ГОДА.

АО «KTZ EXPRESS» ПРИСТУПИЛО К СТРОИТЕЛЬСТВУ

6

СОВРЕМЕННЫХ МОРСКИХ СУДОВ.

ҚОНДЫРҒЫЛАР АУЫСТЫРЫЛДЫ

 Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ТЕХНОЛОГИЯ

Аймақта вокзалдарды қайта жаңғырту жұмыстарының жасалуына байланысты вокзал ғимаратында орналасқан орталықтандырылған электрлік жүйелерін көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Атырау магистральдық желі бөлішесінің бастығы Аралбай Қосымбаевтың айтуынша, мұндай жұмыс алдымен Бейнеу вокзалында басталған. Яғни ШЧ-11 Құлсары белгі беру және байланыс дистанциясына қарасты орталықтандырылған электрлік пост құрылғыларын станцияның әкімшілік ғимаратына көшіру жұмыстары ШЧ-8 Атырау, ШЧ-9 Ақжайық және ШЧ-11 Құлсары белгі беру және байланыс дистанциялары қызметкерлерінің біліктілігі мен ұйымшылдығы арқасында тиянақты жасалған. Нәтижесінде 40 күнге жоспарланған жұмыс 24 күн ішінде мерзімінен бұрын толықтай аяқталып, электрлендірілген орталыққа берілген. Осындай жұмыстар енді Исатай, Мұқыр, Жамансор станцияларында да жүргізіліп, ондағы ЭО қосындары модульді ғимаратқа көшірілуде. Сонымен қатар станцияларда ескі қондырғыларды жаңарту жұмыстары да жүргізілуде. Мәселен Атырау, Махамбет, Мақат станцияларында орталықтандырылған электрлік қосынындағы тозығы жетіп, көнерген ПВ-60 қондырғыларын заманауи үлгідегі ЦАПР, ЦПР, ЦПТ типті коректендіру қондырғыларына ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Бұл әрине бұрмалар мен бағдаршамдардың, жалпы автоматикалық белгі беру қондырғыларының жұмысын жақсартта түседі.

Суретті түсірген автор

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, бұл жобалар – Достық – Мойынты теліміндегі екінші жолдар құрылысы, Алматы станциясы теміржол торабын айналып өтетін теміржол желісі, Дарбаза – Мақтаарал және Бақты – Аягөз темір жолдары құрылысы. Бұдан бөлек, биыл Мойынты – Қызылжар теміржол желісінің құрылысы басталып, Бейнеу – Маңғыстау, Алтынкөл – Жетіген темірлерін жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. Сонымен қатар Қызылжар – Сексеуіл, Қандыағаш – Тобыл, Никельтау – Әлімбет, Ақсу-1 – Дегелең – Жаңа-Семей, Шалқар – Бейнеу телімдеріне автоблотау енгізілмек.

Дирекцияда теміржол инфрақұрылымының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында жолдың жай-күйін тәулік сайын бақылауды және анықталған ауытқуларды уақытты жою үшін кешенді шаралар қабылданған. Осы ретте, жол шаруашылығы мамандары, жолдың жай-күйін бақылаудың тиімді әдістерінің бірі ретінде мобильді диагностикалық кешендерді (МДҚ) қолдану екенін айтып отыр. Өйткені бұл кешендердің нәтижелері әлсіз жерлерді анықтауға және дер кезінде шаралар қабылдауға, сонымен қатар жөндеудің бірінші кезектегі және жоспарлы түрлерін түзетуге және қалыптастыруға мүмкіндік береді екен. Ал жазғы жол жұмыстарының сапалы орындалуы өз кезегінде пойыздардың қозғалыс жылдамдығын арттыруға ықпал етері анық.

Мәселен, өткен жылы атқарылған шаруалар нәтижесінде жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығын 605 шақырымда, ал жүк және контейнерлік пойыздардың жүріс шапшаңдығын 405 шақырымда ұлғайту мүмкін болды. Биылдың өзінде жолаушылар пойыздарының жылдамдығын 142 шақырымда көтеруге қол жеткізілді. Бұл жұмыстар жалғасын таппақ. Осы арада, теміржолшылар телімдердің өткізу қабілетін арттыру, сондай-ақ еліміздің транзиттік әлеуетін дамытумен қатар ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыра отырып, оның қатарында 2029 жылға дейін 200 станция мен жекелеген пункттерді жетілдіруді жоспарлап отыр. Оның ішінде биыл 21 станцияны дамыту жұмыстары қолға алынған.

Магистральдық желі дирекциясы алдына үлкен міндеттер қойып отыр. Олардың алғашқысы, екі деңгейлі контейнерлік пойыздардың жүруін ұйымдастыра отырып, трансканакстандық теміржол дәлізі мегажобасын іске асыру шеңберінде іс-шараларды орындау болса, инфрақұрылым объектілерін ақылды локомотив, дрондар, скутерлер, қарда жүретін көліктер сияқты басқа да техникалар мен технологияларды қолдана отырып қартау бойынша жаңа тәсілдерді енгізу. Сонымен қатар солтүстік және батыс өңірлерде мамандандырылған көпір жасағын көшірудің екінші кезеңін іске асыру; арнайы жылжымалы құрамды жөндеу нормативтерін қайта қарау; материалдық базаларды тиімді басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және енгізу жоспарланып отыр.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АРЫС КӨПІРІ ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

Егер спутниктік картадан Арыс қаласының үстінен қарасаңыз, қаланың төрттен бір бөлігін теміржол учаскесі бөліп тұрғанын көруге болады. Мұнда негізгі бөлік – қала орталығы, ал екінші бөлігі Сырдария деп аталады. Жалпы, қала халқының саны шамамен 45 мыңға жуықтайды десек, оның 15 мыңға жуығы «арғы бет» деп аталып кеткен осы Сырдарияда тұрады.

 Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

1904 жылы іргетасы қаланған вокзал ғимаратының маңынан Кеңес заманында екі араны жалғайтын жаяу жүргіншілер көпірі бой көтерген. Арыс станциясының кәсіподақ ұйымының төрағасы Телғозы Шорахан бұл нысан 1980 жылдары елдің игілігіне берілгенін айтады.

Бүгінде Шымкент магистральдық желі дирекциясының меншігіне жататын көпір өңір теміржолшыларының жіті бақылауында. Яғни сала мамандарының бір бөлігі ағымдық жөндеуден өткізіп, күтім жасауға жауапты болса, енді бір бөлігі темір жолдың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырып, ескерту тақтайшалар іліп, ұнпарақтар таратып жатады.

Жуырда арыстық теміржолшылар жер-

гілікті атқарушы билік өкілдерімен мәміле жасай отырып, тағы бір игілікті істің ұйытқысы болды. Арыс жол дистанциясының жауапты мамандары соңғы бес жылдықта талапқа сай болмай тұрған нысанды ағымдық жөндеуден өткізіп, жаяу жүргіншілер көпірін бояй-сырлап шықты. Ал бас-аяғы 350 метрге жуықтайтын аспалы көпірдің Сырдария жақ бетіндегі Д.Нұрпейісова мен Ғ.Мүсірепов көшелеріне дейінгі аяқ жолды жергілікті әкімдік жөндеп шығыпты. Өйткені жолдың жоқтығынан жүргіншілер қыста – мұз бен батпақтан, жазда шаң-тозаң мен топырақтан әбігерге түсетін. Осы мәселенің шешілуін сұраған жергілікті тұрғындар қала әкіміне арнайы өтініш жолдаған соң жағдайдың өзектілігін ескерген қала әкімі Қ.Маңқараев аймақ теміржолшыларымен бірлесе еңбек етіп, жергілікті тұрғындарға барынша қолайлы жағдай жасауға ұйытқы болған.



– Енді міне қолда бар күшіміз бен матери- алдарымызды үнемдеп пайдалану арқылы нысанды қайта жөндеуден өткіздік. Ашық аспан астында күн мен жауыннан мүжіліп, бүлінген баспалдақтарды бүтіндедік, – дейді Арыс жол дистанциясының бас инженері Думан Әсілханұлы.

Ал Арыс электрмен жабдықтау дистанциясының мамандары түн мезгілінде аяқ жолды жарықтандыру мақсатында электр желілерін жаңартып, бағаналарын бекітіп берген. Қала әкімдігіне қарасты мекеме қызметкерлері болса қысқа мерзім ішінде көпір маңындағы жолдарды тақтайдай қып асфальттап, жиегіне бордюр қойып, жаяу жүргіншілердің жағдайын жасапты. Күніне 200-ден астам адам өтетін нысанның қайта игілікке жарағанына жергілікті тұрғындар қуанып, істің басы-қасында жүрген азаматтарға алғысын жасыруда.

Суретті түсірген автор

Қауіпсіздік

ҚАУІПТІ АЙМАҚТА ҚАТАҢ ТӘРТІП КЕРЕК

Темір жол – аса қауіпті аймақ. Оның айналасында жүргенде қауіпсіздік ережелерін, яғни болат жолдан өтудің өзіндік тәртібін қатаң сақтау керек. Әсіресе теміржол бойына жақын тұратын елді мекендер тұрғындары үшін бұл ережелерді бұлжытпай орындау талап етіледі. Пойыз басу оқиғаларын азайту үшін ҚТЖ-да жүйелі, жоспарлы жұмыстар тұрақты жүргізіледі.

 Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Атап айтқанда, 2025 жылдың өткен 8 айында адам басу оқиғаларының алдын алу мақсатында 1512 жиналыс өткізіліп, оған 43 645 адам қатысты. Сонымен қатар темір жолды белгіленбеген, рұқсат етілмеген жерден кесіп өтетін тұрғындарды анықтап, түсіндіру жолдарын жүргізу үшін 851 рейд өткізілді. Соның барысында жолдан өту ережелерін бұзғаны үшін 24 адамға әкімшілік айыппұл салынды. БАҚ-та барлығы 122 ақпарат жарияланған, соның ішінде радиода – 4, телевидениеде – 9, әлеуметтік желілер мен газеттерде 109 ақпарат шыққан, әкімдіктерге 778 хат жолданған.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша станция жолдарына бөгде адамдардың шығуының алдын алу жөнінде әзірленген іс-шаралар жоспары аясында биылғы сегіз айда ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, көлік прокуратурасы және поли-

ция, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көліктік бақылау аумақтық органдары, сонымен қатар ЖТ бөлімшелерінің шекараларындағы тиісті қызметтер, БАҚ өкілдерін шақыра отырып Үйлестіру кеңесінің 122 отырысы өтті, бұл жиындарда бірлескен іс-шаралар өткізу мәселелері қаралды. Теміржолға жақын тұратын елді мекендер тұрғындары арасында теміржол бойында жүрудің қауіпі мен ережелері туралы 2177 түсіндіру жұмысы жүргізіліп, соның барысында 21 685 адам қамтылды.

Оқу орындарында «Темір жол – аса қауіпті аймақ» тақырыбында 1041 жиналыс өткізіліп, оған 28 621 адам қатысты. Өңірлік деңгейдегі бірінші басшылар БАҚ-та, яғни радио, теледидар, газетте 442 рет сөз сөйлеп, аса қауіпті аймақта бөгде адамдардың жүруінің алдын алу бойынша жұмыстардың маңыздылығын түсіндіріп өтті. Желілік тәртіп сақшылары, әскерлендірілген теміржол күзеті қызметі, магистральдық желі бөлімшелерінің жұмысшыларымен бірге адамдардың темір

жолды белгіленбеген жерден жаппай кесіп өтетін орындарына 2142 рейд жүргізілді, сол кезде де тәртіп бұзғандарға теміржол маңайында ережеге сай жүрмеудің қауіпі түсіндірілді. Темір жолды рұқсат етілмеген тұстан жаппай кесіп өтетін жерлерде қауіп туралы ескертетін 693 белгі жаңартылды.

Ай сайын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің барлық филиалдарына локомотив бригадаларымен профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін адам, мал және көлік басу бойынша талдау деректері жолданады. Басшылық лездеме, техникалық сабақтарда локомотив бригадаларынан теміржол маңайында бөгде адамдардың, малдың жүргені туралы қарсы келе жатқан пойыздар машинистерін, пойыз диспетчері мен станция кезекшісін шара қабылдау үшін тұрақты түрде құлақтандырып, сапары біткен соң, яғни ауысымдық жұмысын тапсырарда бұл жайлы тиісті қызметтерге ақпарат беру үшін Машинистің шағым кітабына жазба қалдыруын талап етеді.

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Бурыл станциясында салалық құрылымдармен бірлескен іс-шара ұйымдастырылды. Алдымен шағын жиын өтіп, онда станция аумағы бойынша қауіп-қатердің алдын алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары талқыланды.

 Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Бұдан кейін құрамында Бурыл станциясының бастығы Нұрлан Сәкенұлы, Тараз станциясындағы желілік полиция бөлімінің өкілдері Әлімжан Жаңабаев пен М.Шырынханов, «ӨТЖК» ЖШС Тараз филиалының шұғыл әрекет ететін оңтайлы тобының бастығы Шохан Қасымов, күзетшісі Дидар Ерғалиев бар топ станция басындағы қызметтік өткел маңында шойын жолды белгіленбеген жерден кесіп өтіп жатқан тұрғындарды тоқтатып, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Айналдырған бір сағаттың ішінде қызметтік өткелді оннан астам адам кесіп өтті. Тіпті осы сәтте кесе-көлденең жүк пойызы тоқтап тұрғанына, локомотивтің арлы-бері өтіп, маневрлік жұмыстар жүргізіп жатқанына қараған ешкім болған жоқ. Вагон астынан баспалап арғы беттен бергі жаққа өткендерді мамандар тоқтатып, ескерту жасады. Осындай жағдай тағы қайталанса, айыппұл салынатынын еске салды. Ал бергі беттен келгендерін рұқсат етілген өткелден айналып өтуге бағыттады.

– Станцияның негізгі қызметі – жүк пойыздарын қабылдап, сұрыптап-өткізу. Мұндай кезде вагондар жолда сағаттап тұрады. Негізгі өткел ашық, бірақ тұрғындар айналып өтуге ерініп, маневрлік жұмыстардың жүріп жатқанына қарамастан жолды кесіп өтіп жатады. Сондықтан арнайы мамандарды шақырып, бірлескен рейдтер өткізіп тұрамыз. Ондағы мақсат – өз өмірлерін қатерге тіккен тұрғындарға ескерту жасау, – дейді Нұрлан Сәкенұлы.



Полиция аға лейтенанты Әлімжан Жаңабаев кезекті бір тұрғынды тоқтатып, неліктен рұқсат берілген өткелден айналып өтпейтінін сұрады. Егде тартқан ел ағасы өзі мінетін автобустардың осы жерге келетінін, арғы жаққа бармайтынын айтты. Оның сөзінің жаны бар, қалайшылық 41,44-ші бағыттағы қоғамдық көліктердің соңғы аялдамасы Жолбарыс хан көшесінде. Бұл автобустар арғы өткел жаққа бармайды. Жұмысқа, мектепке асыққандардың қызметтік өткелді кесіп өтетіндері де сондықтан.

Бурыл станциясы бастығының орынбасары Руслан Жаңабай бастаған топ станцияға жақын орналасқан Ө.Жолдасбеков атындағы №50 орта мектепке бірінші ауысымдағы сабақтар аяқталған сәтте барып, оқушылар арасында профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жаз жеткіншектерге арнайы дайындалған видеороликтер көрсетіліп, шойын жол бойында орын алған қатерлі жағдайлардың салдары туралы айтылды. Темір жолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өтуге қатаң тыйым салынатынын ескертті. Тіпті, өткелден өту және шеткі рельстен бес



метр қашықтықта жағалай жүру кезінде де құлаққап пен ұялы телефонды пайдаланбау керектігін, тоқтап тұрған вагонның үстіне шығуға тыйым салынатынын, темір жолдың электрлендірілгенін, оның қуаты 27 000 вольтті құрайтынын еске салды.

Мектеп директоры Қарлығаш Қосымбаева оқушылардың біразы станцияның арғы бетінен қатынап оқитынын, осыған байланысты апта сайын сынып сағаттарында «Жолда жүрудің тәртібі мен ережелері» түсіндіріліп тұратынын атап өтті.

– Оқу жылының басында жоспар бекітілген кезде сынып сағаттарына алдын ала 15 минуттық қауіпсіздік сабақтары міндетті түрде кіріктіріледі. 1-ден 11 сыныпқа дейін барлық оқушыларға қауіпті аймақтарда жүрмеу, жолда жүрудің ережелері түсіндіріліп, ата-аналарына да ескерту жасалады. Соның арқасында келеңсіз оқиғалар орын алған емес. Екінші ауысымда оқитын оқушыларды кешке ата-аналары келіп алып кетіп, ал саяжайда тұратындары автобуспен тасымалданады, – деді ол.

Суреттерді түсірген автор

СИЛЬНЫЙ ПРОФСОЮЗ – ЭТО СТАБИЛЬНО РАЗВИВАЮЩАЯСЯ ОТРАСЛЬ

О значении профсоюза в развитии железнодорожной отрасли рассказал ветеран труда, «Казахстанның Енбек Ері», Почетный железнодорожник Калтай Самбетов. Его имя хорошо известно в железнодорожной отрасли. Свою жизнь он посвятил стальной магистрали, был свидетелем становления и развития железных дорог Казахстана, а вместе с тем и активной работы профсоюзного движения.



При этом достаточно сильную роль играли профсоюзные лидеры в выстраивании взаимоотношений и эффективной работы в трудовых коллективах.

Среди плеяды ярких профсоюзных лидеров, с кем мне в свое время довелось работать, выделялся Борис Шубин, которому железнодорожники доверили возглавлять Центральный совет профсоюза несколько сроков подряд. Стабильность в руководстве профсоюза означает устойчивое развитие организации и надежную защиту прав работников.

Борис Шубин умел находить общий язык и с руководством, и с простыми людьми. Был принципиальным и требовательным, когда речь шла о защите интересов работников, но вместе с тем оставался добродушным и отзывчивым человеком. Именно это сочетание твердости и человечности помогало завоевывать доверие коллектива и обеспечить авторитет профсоюзного движения. Его слово всегда имело вес, а решения были справедливыми. Мы знали, если за дело брался Борис Егорович, оно будет доведено до конца.

– Изменились ли, по вашему мнению, задачи профсоюзного движения?

– За последние годы в отрасли происходят колоссальные сдвиги. Совершенствуются технологии, модернизируется техника, подвижной состав, появляются и развиваются новые транспортные коридоры и все это в условиях жесткой конкуренции. В таких условиях работают железная дорога и железнодорожники, в таких условиях растет и развивается профсоюз. При этом задачи профсоюзного движения – неизменны: защита прав работников – членов профсоюза, забота о достойных условиях труда и качественном медицинском обслуживании. Иначе и быть не может, ведь вся история профсоюзного движения железнодорожников ярко демонстрирует: сильный профсоюз – это сильная, стабильно развивающаяся отрасль.

Сегодня перед профсоюзами стоят новые вызовы, но главная задача остается прежней – быть рядом с человеком труда, защищать его права и интересы, никогда не забывая изначальную функцию профсоюзов, для чего они создавались – для защиты прав и интересов трудящихся.

Солидарность и единство, взаимопонимание и взаимодействие при работе с трудовыми коллективами, стабильность в руководстве – это основа сильной профсоюзной организации. Там, где люди сплочены, всегда есть результат.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

– Калтай Самбетович, какую роль, на ваш взгляд, играет и всегда играл профсоюз в жизни железнодорожников?

– Железная дорога – это огромный коллектив, где трудятся тысячи людей. Без сплоченности и взаимной поддержки невозможно было добиться успеха в прошлом и невозможно сегодня. Профсоюз всегда был и остается тем связующим звеном, которое объединяет людей и защищает их интересы.

Для нас он был не просто организацией, а настоящей опорой. И сейчас профсоюз продолжает помогать решать как производственные, так и социальные вопросы: от обеспечения безопасных условий труда до организации санаторного лечения, культурного досуга и отдыха железнодорожников и их семей. Такая поддержка укрепляла и укрепляет дисциплину, повышает ответственность и напрямую влияет на рост производительности труда. В любой ситуации мы знали и знаем: за нами стоит коллектив, и есть кому заступиться.

– Как вы вспоминаете работу профсоюза в годы независимости Казахстана, и какую роль он играет сегодня?

– Это было непростое время. Страна только обрела самостоятельность, экономика перестраивалась, предприятия сталкивались с трудностями, порой не хватало средств, вставал вопрос о сокращениях. Именно тогда профсоюз удерживал баланс: помогал сохранить рабочие места, добивался своевременной

зарплаты, отстаивал социальные гарантии. Он вселял в людей уверенность, что они не одни, что рядом есть сильная организация, способная защитить и поддержать.

И сегодня роль профсоюза остается не менее значимой. Он продолжает стоять на страже интересов железнодорожников, помогать решать социальные вопросы, укреплять дисциплину и ответственность за общее дело. Благодаря этой преемственности удалось сохранить традиции железнодорожного братства и заложить прочный фундамент для дальнейшего развития отрасли.

– Какие социальные инициативы профсоюза вы считаете особенно важными?

– В те годы главной задачей было сохранить уверенность людей в завтрашнем дне. Профсоюз уделял большое внимание медицинскому обслуживанию, санаторно-курортному лечению, оздоровлению детей железнодорожников. Для семей это имело огромное значение и давало ощущение защищенности.

Большую роль играли жилищные программы, а также поддержка молодых специалистов, которые только начинали свой путь в профессии. Человек чувствовал заботу: знал, что его труд ценят и в трудной ситуации он не останется один. Кроме того, работникам оказывали юридическую помощь, а ветераны отрасли всегда были в центре внимания и окружены поддержкой.

Сегодня многие из этих инициатив сохранили актуальность: забота о здоровье, отдыхе, жилищных условиях и поддержка семей по-прежнему остаются важной частью профсоюзной работы.

ЗАЩИТНЫЙ БАРЬЕР ОТ ЖИВОТНЫХ



В Карагандинском регионе продолжается строительство ограждений на железнодорожных путях от домашних животных. В сентябре запланировано возведение 17 километров скотоизгородей.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

Согласно статистике, за последние месяцы в области зафиксирован 51 наезд железнодорожных составов на скот, и это вызывает большую тревогу.

По словам инженера пути Карагандинской дистанции пути ПЧ-24 Элихана Жақсылык, подобные ситуации создают серьезную угрозу безопасности движения, приводят к экстренному торможению транспорта и, как правило, заканчиваются печально.

В связи с этим на участке Шокай – Мырза на четном пути будет построено 0,5 километра скотоизгородей. При этом потребность количества шпал составит 125 штук.

На участке Карамурын – Дарья по нечет-

ному пути намечается возведение одного километра ограждения, для этого потребуется 250 шпал.

На узлах Нилды – Жарык нечетному и четному пути необходимо возвести один километр скотоизгородей с потребностью 250 брусков. На участках Босага – Акшагыл-Киик построят пять километров скотоизгородей. Для осуществления этой цели понадобится 250 шпал.

На узлах Мынадыр – Жомарт – один километр с потребностью 250 опор, Кызылжар – Туйемайнарк – два километра с 500 брусками. На участке Жомарт – Женис левая и правая стороны – шесть километров с потребностью 1 500 опор.

Итого в сентябре месяце будет установлено 17 километров скотоизгородей с общим

количеством шпал 4 750 штук.

Как отметил начальник отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети НЖС-4 Адильхан Ибраев, скотоизгородей на железнодорожных путях также служат защитой от снежных, пыльных и песчаных заносов и укрепляют откосы, но в первую очередь служат ограждением от домашних животных.

– В 2025 году, согласно статье 559, ужесточены штрафные санкции за нарушение правил проезда гужевых повозок (саней) и прогона животных через железнодорожные пути, а также выпас скота в полосе отвода железных дорог. Штраф составляет 5 МРП, то есть 19 660 тенге, – резюмировал Элихан Жақсылык.

Фото автора

ПОГРУЗКА ПЕРЕВЫПОЛНЕНА



Железнодорожники Акмолинского отделения ГП стали надежной опорой для аграриев, обеспечивая своевременную отправку нового урожая. За январь – июль 2025 года перевозка зерновых культур выросла более чем в два раза, по сравнению с прошлым годом, что подтверждает ключевую роль железной дороги в продвижении казахстанского хлеба на внутренне и мировые рынки.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Акмолинские железнодорожники уверенно демонстрируют высокие показатели в грузовой работе. За семь месяцев 2025 года объем погрузки составил 5502,6 тысячи тонн при плане 5248,5 тысячи тонн, что соответствует 104,8%. Прирост к плану составил

254,1 тысячи тонн. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, когда было отправлено 3360,2 тысячи тонн, рост достиг 163,8%, или более двух миллионов тонн.

Всего за этот период было перевезено 85,7 тысячи вагонов (5,5 млн тонн). Из них 3,9 миллиона тонн отправлены на экспорт, а 1,6 миллиона тонн перевезены внутри страны.

Главную долю в перевозках традиционно занимает зерно. С начала года отправлено 3612,4 тысячи тонн – более чем вдвое выше уровня прошлого года. Всего погружено 52,9 тысячи вагонов зерновых культур.

Основные направления экспорта: страны Средней Азии – 1,56 миллиона тонн, дальше зарубежье – 850,1 тысячи тонн, порт Актау – 269,8 тысячи тонн.



Существенные объемы отправлены также в Афганистан, Турцию, Китай и по линии РЖД.

В этом году география перевозок расширилась: впервые зерно было отправлено во Вьетнам. Со станций Акколь и Азат туда ушло девять поездов. Всего за отчетный период организова-

но 704 отправительских маршрута, из которых 691 – на экспорт.

По итогам января – июля доля Акмолинского отделения составила 52% от общего объема погрузки зерна в масштабах всей сети АО «НК «ҚТЖ». Всего же по республике перевезено 6,9 миллиона тонн.

По номенклатуре продукты перемола погружено 257,9 тысячи тонн. В сравнении с прошлым годом результат остался на уровне 100,1%. Перевезено 3,7 тысячи вагонов, основные направления экспорта – Казахстан, Афганистан и Китай.

Итоги семи месяцев показывают, что Акмолинское отделение ГП играет ключевую роль в зерновых перевозках страны. Именно здесь сосредоточено более половины общего объема погрузки зерна по Казахстану. Несмотря на отдельные трудности по ряду номенклатур, железнодорожники региона продемонстрировали устойчивую работу и высокий вклад в обеспечение экспортных и внутренних поставок.

Фото автора

Профилактика

НА ПОВЕСТКЕ – НАДЕЖНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

На станции Таскудык павлодарские железнодорожники и представители акимата Достыкского сельского округа провели рейд по профилактике травматизма на железной дороге.

Сотрудники стальной магистрали и акимата провели собрание с жителями, в том числе посетили учеников, с которыми провели беседу. С началом учебного года подобного рода мероприятия будут проводиться чаще. Кроме того, с 1 по 30 сентября в регионе стартовал месячник «Прими меры – сохрани жизнь».

По информации службы безопасности движения филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП», несмотря на принимаемые меры, за текущий период по Павлодарскому отделению ГП допущено два случая наезда на постороннего человека, еще два факта – наезд на скот. Тем не менее профилактическая работа продолжается, на совместных совещаниях железнодорожники, представители акимата и правоохранительных органов разрабатывают новые способы и методы по дополнительному обеспечению безопасности на путях.

На сегодня проведена следующая работа: 184 собрания, беседы с жителями отдельных пунктов о правилах нахождения на железной дороге, 89 разъяснительных кампаний в учебных заведениях, школах, 23 выступления в средствах массовой информации по предупреждению выхода сторонних лиц, 93 совместных рейда с транспортной полицией, нарушений не выявлено.

НУЖНО РАЗЪЯСНЯТЬ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Профилактические рейдовые мероприятия и разъяснительную работу, связанную с безопасностью населения на железной дороге, проводят линейные отделы полиции в Восточном Казахстане. На днях к таким же мероприятиям подключатся железнодорожники.



– С привлечением местного телеканала мы посетили школу № 18 микрорайона «Согра» Усть-Каменогорска. Там недавно две женщины попали под поезд, – рассказал начальник отдела административной полиции ЛОП на станции Оскемен-1, майор полиции Даурен Хамзин. – В школе мы охватили разъяснительными беседами около ста учеников. Провели для них лекцию, что железная дорога – это зона повышенной опасности, раздали памятки.

В микрорайоне «Согра» 22 августа произошел наезд на двух пешеходов, несмотря на то что машинист тепловоза применил экстренное торможение. В результате погибла одна из женщин в возрасте 72 лет. Вторая получила многочисленные травмы.

Также, по данным Даурена Хамзина, профилактические мероприятия они провели в средней школе имени Ахмета Байтурсынова станции Шемонаиха, приуроченные к началу нового учебного года, с охватом полусотни учеников. Еще 150 детей – учеников всех возрастных групп Зубовской средней школы были вовлечены в разъяснительную работу на станции Алтай.

По информации начальника станции Оскемен-1 Даулета Библова, аналогичные мероприятия с населением ежегодно проводят и железнодорожники – представители Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо хозяйства, станций и других подразделений стальной магистрали. Они раздают детям в школах и взрослым памятки, буклеты о правилах и требованиях безопасности в зоне железной дороги.

Фото Даурена ХАМЗИНА

ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Семей ЖТ бөлімшесінде түрлі экологиялық жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, сенбіліктер өткізу, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, желі бойына арнайы ескерту тақтайшалары мен бейнебақылау камераларын орнату, кейбір станцияларға кіреберіс автокөлік жолдарын жөндеп, кеңейту сынды көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Семей ЖТ бөлімшесі әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы Бауыржан Буженовтің айтуынша, биыл 5 сәуірде басталған санитарлық-экологиялық акцияларға желі бойындағы барлық теміржол мекемелері қатысып, платформалар мен арнайы техникалар жұмылдырылған. Соның нәтижесінде аумақтардан 39,3 мың тонна тұрмыстық қалдықтар шығарылыпты. Тораптық станцияларда жоспарға сәйкес санитарлық-гигиеналық орындар, қоқыс жәшіктері, демалыс орындықтары және жарықтандыру жүйелері орнатылды. Бұл іс-шаралардың барлығы теміржолшылар жұмыс орындарының жайлылығын толықтай қамтамасыз етуге бағытталған. Сол тәрізді Семей ЖТ бөлімшесінің бас ғимаратынан бастап желі бойындағы өзге де көптеген станциялар аумағы абаттандырылды.

Экология департаменті рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін ғарыштық мониторинг арқылы анықтау жұмысын жалғастыруда. Соның арқасында соңғы үш жылда желі бойына заңсыз қоқыс тастау фактілері азайып келеді. Одан бөлек вокзалдар аумағы мен оған кіреберіс жолдардың тазалығы басты орынға қойылып отыр. Семей және Жаңа-Семей сынды іргелі тораптық жүк станцияларында әсіресе түнгі мезгілде бұралқы иттерді аулау шаралары да қосымша жүргізілді. Бұл жұмыстар ауысым бойынша жұмыс істейтін теміржолшылардың қауіпсіздігі үшін қолға алынды.

Селекторлық жиындарда тазалық жұмыстарын жандандыру, сенбіліктер өткізу мәселелері де тапсырылады. Осыған орай



жергілікті атқарушы билік өкілдерінен құрылған арнайы жұмыс тобы аймақтағы «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға мониторинг жүргізетін болады.

– Кластан тыс Семей станциясындағы жоспарлы жұмыстар толықтай жүзеге асырылуда. Аумақты абаттандыру жұмысына жергілікті билік те жәрдем беріп отыр. Мәселен, жуырда қалалық әкімдік өкілдері келіп, атқарылып жатқан тазалық жұмыстарына жоғары баға берді, – дейді Семей станциясының бас инженері Бекзат Кәрімханов.

Станциялардағы жаз бойы жүргізілген санитарлық тазалық іс-шаралары алдағы күзгі комиссиялық бақылау кезінде басты талаптардың бірі ретінде есепке алынып, желі бойындағы мекемелер жұмысының негізгі көрсеткіші ретінде де бағаланады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Суретті түсірген автор

ПОДДЕРЖАЛИ АКЦИЮ

Екибастузское эксплуатационное вагонное депо, эксплуатационное локомотивное депо и станция Екибастуз приняли участие в акции «Дармарка», организованной в рамках реализации экологической акции «Таза Қазақстан».

Цель мероприятия – дать вторую жизнь вещам. Участники «Дармарки» приносили безвозмездно предметы быта, которые им больше не нужны, но могут принести пользу другим. Взамен бесплатно могли выбрать для себя что-то нужное, в том числе одежду, книги, предметы быта. По словам екибастузских железнодорожников, эта инициатива не только способствует взаимной поддержке, но и развивает экологичное поведение, осознанное потребление, бережное отношение к окружающей среде.

Организаторами акции по узлу Екибастуз выступили инженеры-технологи



Меруерт Ахметжанова, Карина Жумабекова и Арслан Абенев.

Айдана ЕРТАЙ

Фото автора

Спорт

АЙМАҚТЫҚ ЖАРЫСҚА ЖОЛДАМА

Кәсіподақ ұйымының 120 жылдық мерекесіне орай жыл басынан бері аймақ бойынша төрт тораптық станцияда өткізілген өңірлік іріктеу турының жеңімпазы анықталды. Ол – Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧЭ-34» құрама командасы.



Ойыншылар қатарында машинистер Р.Есенбеков, Н.Көбеков, Н.Ибадулаев, машинист көмекшілері К.Сегізбаев, А.Алмураев, Д.Шүленов, Н.Серікбаев пен А.Қонымбетов бар. Турнир басталар алдында «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов пен спорт нұсқаушы Бақытжан Имбергенов әріптестерін құттықтап, тораптық жарыстың жеңімпазы атанып топ жарған үздіктердің жолдаманы сарапқа салар ойынына сәттілік тіледі. Ойын барысында футболдың қауіпсіздік қағидалары мен ойын тәртібінің қатаң сақталуы қажеттігін ескертіп, теміржолшыларға сәттілік тіледі.

– Қызылорда станциясында кәсіподақтың 120 жылдық мерейтойы аясында спорттық шаралар өтіп жатыр. Бүгін шағын футболдан «Қазкөліккәсіп-2025» теміржол футбол лигасының кубогы»

іріктеу турнирі өтті. Жарысқа бұған дейін ойындардағы 16 құрама команданың ішінде дараланып, әріптестерін тізе бүктіріп, жеңіске жеткен Сексеуіл жол дистанциясының «ПЧ-59», Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының «ШЧ-40», сондай-ақ Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧЭ-34» құрамалары қатысып, келесі өңірлік айналымының жолдамасын сарапқа салды. Шымкент қаласында өткізілетін оңтүстік аймақтық турнирдің ойынына берілетін жолдаманы «ТЧЭ-34» құрамасы иеленді. Бұл турнир – теміржолшылардың бірлігін, ұйымшылдығын арттырып қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған игі бастама, – деді төраға Бауыржан Ахметов.

Сонымен 1-орын тактикалық тұрғыда сауатты ойнап, шабуылда қарымды болған «ТЧЭ-34» командасына, 2-орын

қайсар мінез танытқан «ПЧ-59» командасына, ал 3-орын қорғанысынан сыр бермегенімен, жеңіске деген құлшыныс білдірген «ШЧ-40» құрамасына бұйырды. Турнирдің үздіктері де анықталып, олар әріптестерінің қошеметіне бөленді. Сонымен үздік ойыншы деп Рүстем Есенбеков (ТЧЭ-34), үздік қорғаушы – Тұңғышбай Бақытжанов (ПЧ-59), үздік қақпашы – Нұрбол Серікбаев (ТЧЭ-34) және «ШЧ-40» құрамасының ойыншысы Нұрдастан Өтегенов үздік шабуылшы атанды. Турнирдің жеке дара үздіктері атанған ойыншыларға және жалпы жеңімпаздарға кәсіподақ ұйымдары тарапынан әзірленген арнайы грамоталар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,

Қызылорда

Суреттерді түсірген автор



На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная состоялся ежегодный турнир по мини-футболу на Кубок железнодорожной футбольной лиги 2025 года. В этом году соревнования были посвящены 120-летию профсоюза железнодорожников Казахстана и прошли на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

СИЛЬНЕЙШИМ – ДОРОГА ВПЕРЕД!

В турнире приняли участие победители узового этапа – пять сильнейших команд: ТЧЭ-15 Жанаарқа, ТЧЭ-16 Балхаш, ТД-11 Ақдыр, ШЧ-22 Жезказган и ВЧД-13 Караганда.

Как отметил председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, главная цель первенства – это пропаганда здорового образа жизни среди работников железнодорожного транспорта, развитие физической культуры и спорта в отрасли, а также укрепление сплоченности трудовых коллективов и положительного имиджа ҚТЖ.

– Наши ребята очень активные, они ведут здоровый образ жизни и пропагандируют его среди коллег, – подчеркнул он. – Впереди нас ждут соревнования по настольному теннису и легкой атлетике. Коллектив профсоюза старается создавать условия, чтобы железнодорожники могли с пользой проводить свое свободное время, укрепляя здоровье.

Футбольные матчи подарили зрителям яркие эмоции и напряженную борьбу. Игроки демонстрировали неординарные тактические решения, выносливость, ко-

ординацию и командный дух.

По итогам турнира победу одержала команда ВЧД-13 Караганда. Второе место заняла команда ТЧЭ-15 Жанаарқа, а третье – ТЧЭ-16 Балхаш. Личные награды также нашли своих героев: лучшим бомбардиром признан Серик Бекхожин (ШЧ-22 Жезказган), звание «Полезный игрок» получил помощник машиниста ТЧЭ-16 Балхаш Аскар Жумакенов, лучшим защитником стал Айбат Сундетулла (ТЧЭ-15 Жанаарқа), а титул лучшего вратаря завоевал помощник машиниста ТД-11 Сунгат Амангельды.

Команда ВЧД-13 будет представлять Карагандинский регион на региональном этапе соревнований. Причем именно станция Караганда-Сортировочная в этом году примет и региональное первенство Северного региона среди железнодорожников. Это доверие со стороны руководства ҚТЖ к Карагандинскому филиалу профсоюза и уверенность в том, что турнир пройдет на высоком уровне.

Светлана МОГАЙ, Караганда

Фото автора



ей всегда рады. – Трудно оторваться. Шутка ли, две трети жизни связано с этим местом.

Они с супругом славно трудились всю жизнь, вырастили трех замечательных детей – сына и двух дочек. Появилось время на хобби. Что только не перепробовала она – и глиняные изделия, и вязание, и вышивку, и шитье кукол, а остановилась на изделиях из джутовой нити.

Из простых, бросовых, можно сказать, предметов творит чудеса. Старый комод своими руками отстранировала и превратила в произведение искусства. Ее панно, вазочки, шкатулки и карандашницы из джута давно украшают не только их дом. Да и подворье Коломынцеваых больше похоже на усадьбу, где все устроено для отдыха и улады глаз.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск

Фото автора

БЕЙНЕУЛІКТЕРДІҢ ИГІ БАСТАМАСЫ



«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» деген дана халқымыз. Осы жолда көп болып ізгілік жолын қалыптастырған Бейнеу айналым депосының ұжымы игі істер атқаруда.

Биыл да бейнеулік локомотившілер оқушыларды мектепке дайындауға атсалысты. Жылдағыдай 15 ұл мен қызға мектеп киімі мен оқу құралдарын алып берді. Ұжымдағы машинистер мен көмекшілері қайырымдылық қорын құрып, жиналған қаржыға қолдауға әеру жандарға көмектесуді әдетке айналдырған.

– Біздің ұжым «Бір үй аш болса – бүкіл ауыл аш» деген қағиданы берік ұстанады. Сондықтан ұжымнан қайырымдылық қорын құрдық. Қордың мақсаты – ауыл ішіндегі мұқтаж отбасыларға, жетім-жесірге, көпбалалы аналарға қолдау көрсету. Қор арқылы атқарылатын игі істерді біріміз ақылдасып, келісіп, зерттеп барып шешеміз. Соның ішінде жылда жағдайы төмен

отбасылардан оқушыларды мектепке дайындау да бар. Әр айда 10-15 мұқтаж отбасыға азық-түлік алып береміз. Қыс мезгілінде мұқтаж отбасылардың баспанасын жылытуына жәрдемдесіп, есік-терезе орнатып, жылу, жарық, газ жүйелерін тартып бердік. Кейбір жануяларға коммуналдық төлемдерін де өтеп отырдық. Өткен жолғы Құлсарыдағы су тасқыны кезінде ауданымызға эвакуацияланған алпысқа жуық адамды «Ақсәлім» дүкенімен бірлесе бір апта бойы ыстық тамақ пен қажетті көмектермен қамтамасыз еттік. Осы жолда бірігіп жүрген әріптестеріме алғысым шексіз, – дейді Бейнеу айналым депосынан құрылған қайырымдылық қорға жетекшілік ететін машинист Қазбек Сейдалиев.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өздеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Қудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.